



Қарағанды облыстық
Н.В.Гоголь атындағы
ғылыми-әмбебап кітапханасы

Өлкетану бөлімі



Мартбекпен мақтанамыз

(Кенес Одағының Батыры М.Мамыраевтың 100 жылдық мерейтойына арналған жаднама)

Немеркнущая слава Героя

Қарағанды, 2008

Мартбекпен мақтанамыз

Мартбек Мамыраев 1908 жылы 7 наурызда Қарқаралы ауданындағы 1-Май ауылында шаруа отбасында дүниеге келген. Ауылдың күншығыс беткейінің оңтүстік-шығыс сілемін ала Мамырай қорасы, Мартбек шілігі дейтін көненің көзіндей жер атаулары бар, әлі де солай аталады. Қыстау, жайлаулары ұрымтал орналасқан. Алпысыншы жылдан (1965) «Қарағанды- Қарағайлы» бағытына қатысатын қазіргі темір жол сол аталған қыстау-жайлауларды ортасынан қаққа бөліп жатыр.

Мартбек Мамыраев еңбек жолын 1924 жылы он алты жасында бастапты. Кейіннен Қарағандыда жұмыс істеген. 1931-1934 жылдар аралығында шахтада забойшы, 1934-38 жылдары электрослесарь-механик, 1938-40 жылдары Корней Осипович Горбачев атындағы №8,9 шахталарда электрослесарь және монтер, кейіннен шахта кәсіподақ комитетінің председателі болып қызмет етеді. 1940-42 жылдары «Кировкөмір» тресі №3 бис шахтасында партия жұмысын ұйымдастырушы қызметін атқарады. 1942 жылғы мамырда болашақ батырымыз майданға шақырылып, сол уақыттан бастап 1944 жылдың қыркүйегіне дейін үшінші гвардиялық дивизияның 12-полкінде қатардағы жауынгер болып Ұлы Отан соғысына қатысты. 1943 жылы 29 қыркүйекте Мартбек Днепр өзенінен өту кезінде пулемет оғымен ротаны қорғай отырып, алдыңғылардың бірі болып 700-800 метрлік ені бар толқынды Днепр өзенін кешіп өтеді. Осы шайқаста 12-атқыштар дивизиясы 32-атқыштар полкінің пулемет расчетының командирі, гвардия сержанты Мамыраев Мартбек асқан ерлік көрсетеді. Ерлігі мен жауынгерлік табандылығы үшін ол Совет Одағының Батыры атағына ие болып, Батырдың Алтын жұлдызын 1944 жылдың 15 қаңтарында өр кеудесіне тағады.

Отанға қауіп төнген шақта ол соғысқа аттанды. 1942 жылдың мамыр айынан бастап майданға кірді. Қазақ жігітінің алғашқы от кешіп, сынға түскен жері Сталинград түбіндегі шайқастар еді. Сол жерде жараланып, 1943 жылдың қыркүйегіне дейін емделді. Қайтадан қатарға қосылып, 12-гвардиялық атқыштар дивизиясы сапында Димитров қаласын азат ету шайқасына қатысты. Мартбектің атқыштар ротасы әрқашан алдыңғы шептен көрінді. Бірде қалың оқтан жараланған рота командирі қансырап жатып, басшылықты Мартбекке тапсырды. Осы ұрыста көрсеткен ерлігі үшін М.Мамыраев Қызыл Ту орденімен марапатталды.

Беті қайтқан жауды түре қуған Мартбектер Батысқа бет алды. 1943 жылғы күзде олар Днепрді бетке алып, ұлы өзеннен өтуге тиіс болды. Немістер төсеген шағын көпірдің көмегімен Мамыраевтардың расчеті қарсы жағаға ілікті. Сол жерде үш түн бойы атысқан жауынгерлер берілмеді. Ұрыс кезінде жараланған Мартбек қатардан қалған жоқ. Ержүрек жігіттер бірінен соң бірі жараланды, көбі қаза да болды. Бірақ қару күшін іскер пайдаланған Мамыраев кеңес әскерлерінің өзеннен жүзіп өтуіне жағдай жасады. Осылайша үлкен операция сәтімен аяқталды.

Днепрден ұрыспен өту кезінде көрсеткен жанқиярлық ерлігі үшін гвардия аға сержанты, 61-ші Армияның 12-ші гвардия атқыштар дивизиясының 32-ші гвардиялық атқыштар полкінің пулемет расчетінің командирі М.Мамыраевқа КСРО Жоғарғы Кеңесі Төралқасының Жарлығымен 1944 жылғы ақпанның 15 жұлдызында Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Ол Ленин орденімен, I дәрежелі Отан соғысы орденімен, медальдармен марапатталған.

Соғыстан кейін Мартбек Мамыраев Киров атындағы шахта партия ұйымын басқарды. Ленин аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болды, кеншілер астанасы атқару комитетінің орынбасарлығына сайланды. Соңғы кезде ол химия-метеллургия институтында еңбек етті.

Ұлы Отан соғысынан кейін Мартбек Мамыраев Қарағандыда партия, кеңес және шаруашылық қызметтерінде болды. 1985 жылы зейнеткерлік демалысқа шықты. Қарағанды қаласының Құрметті азаматы Мартбек Мамыраев 1989 жылғы 20 қарашада 82-ге қараған шағында қайтыс болды.

Аяулы аға Мартбек Мамыраевтың майдандағы және еңбектегі ұлағатты ісі Ленин орденімен қоса Совет Одағы Батырының алтын жұлдызымен, «Құрмет белгісі» ордені,

бірінші дәрежелі Отан соғысы орденімен, көптеген медальдармен, Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің бес грамотасымен аталып өтті. Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің үш бірдей шақырылуында депутат болып сайланды.

Халық депутаттары Қарағанды облыстық және қалалық Кеңестерінде әлденеше рет депутат болды. Батыр ағаның даңқты жолы ұрпаққа өнеге.

Әдебиеттер:

Совет Одағының Батыры Мартбек Мамыраевты мәңгі есте қалдыру туралы: Қазақ ССР Министрлер Кабинетінің қаулысы // Қаз. ССР. Үкіметтің қауылар жинағы. – 1991. - №12

Мамыраев М. Ерлік пен ерлік дастаны // Орт. Қазақстан. – 1981. –21 июня.

Мамыраев М. Есте сақталады // Орт. Қазақстан. – 1966. – 9 мамыр.

Аманжолов Қ. Мартбек: [Толғаудан үзінді] // Қарқаралы. – 1992. – 8 тамыз.

Әбдірахманұлы А. Биыл - ұлы Жеңіске 55 жыл // Қарқаралы.- 2000.-15 сәуір.

Әбжанова С. Қарқаралының, қазақтың Мартбегі // Ваша газета.- Сарань, 2003.-28 июня

Дүйсетаев С. Жақсының жақсылығын айт: Қарқаралыға еңбегі сіңген // Қарқаралы.- 2000.-25 наурыз.

Жанысбаев С. Ерлігі ешқашан ұмытылмайды: [Батыр М.Мамыраевқа ескерткіш бюст орнатылғаны туралы] // Орт. Қазақстан. – 1991. – 5 қараша.

Қарағанды қырандары // Орт. Қазақстан. – 1990. – 1 сәуір

Қойбағаров Х. Днепр батыры: Ұлы Жеңістің 58 жылдығы қарсаңында //Қарқаралы.- 2003.- 26 сәуір

Қойбағаров Х. Толқынды Днепрдің жағасында: Ұлы Жеңіске-55 жыл // Қарқаралы.- 2000.- 1 сәуір

Қойбағаров Х. Толқынды Днепрдің жағасында: ерлік - елге мұра, ұрпаққа ұран //Орт.Қазақстан.- 2006.- 7 қаңтар.-9 б.

Қыныбаева Р. Батырдың есімін ұмытпайық: Дат, ағайын! // Орт.Қазақстан.- 2003.- 7 қазан.-5 б.

Қыныбаева Р. Мартбек Мамыраевтың ерлігіне 50 жыл // Қарқаралы. – 1994. – 2 сәуір

Мамраев Мартбек // Совет Одағының қазақстандық Батырлары. - Алматы, 1969. – Т.2. – 23-24 б.

Мамыраев Мартбек // Қарағандылық Совет Одағының Батырлары. - Қарағанды, 1990.– 39-40 б.

Мамыраев Мартбек // Қаһарман қарағандылықтар. Герои-карагандинцы.- Қарағанды, 2000.- 79-82 б.

Лұқпан Е. Днепрді кешіп өту. Донбасс пен терістік Кавказды алу: Ұлы Жеңістің 60 жылдығы қарсаңында /Е.Лұқпан, Ғ.Смағұлов // Орт.Қазақстан.- 2004.- 9 желтоқсан.-6 б.

Омарбекұлы М. Қасым мен Мекебай: Қасым Аманжоловтың туғанына-95 жыл // Орт.Қазақстан.-2006.- 9 мамыр.-9 б.

Оразалин О. Жұлдызы жарқырап... // Орт. Қазақстан. – 1970. – 9 мамыр

Омарбеков М. Өз қазағым, өз елім: [Деректі әңгіме] // Қарқаралы.- 2001.-8 қыркүйек.

Райымбекқызы Ж. Мартбек ауылындағы мұражай // Орт.Қазақстан.- 2002.- 24 шілде

Сағындықов А. Азамат: Совет Одағының Батыры М.Мамыраев 70 жаста // Орт. Қазақстан.– 1978. – 4 мамыр

Сағындықов А. Мартбек Мамыраев: Арқа ардақтылары // Орт. Қазақстан. – 1990. – 1 сәуір

Тұңғышбаев Қ. Ер ерлігі – ел жүрегінде // Соц. Қазақстан. – 1963. – 2

Тұрсынғалиев Р. Ескерусіз қалған ер есімі [Электрондық құжат] // Интернет материалдарынан.- 2005

Мартбек Мамраев (1908-1989)

Мартбек Мамраев родился в селе «1-ое Мая» Каркаралинского района. Вырос и сформировался как личность в благодатной крестьянской семье.

В числе первого призыва на шахты он становится забойщиком, а несколько позже электрослесарем - механиком, в совершенстве познает исключительно трудное по тем временам горное дело. Вскоре его избирают в состав профсоюзного комитета, а в 1938 году он становится его председателем.. Еще через два года Мартбек Мамраевич назначается парторгом шахты N3-бис треста «Кировуголь».

В 1942 году ушел на фронт, сражался под Сталинградом, был ранен. После госпиталя – вновь в бой. Уже в мирное время М.Мамраев вспоминал: «Война есть война. Мы лежали в окопах в страшный мороз и затяжную слякоть. Жаловаться, понимаете, некому было. Переносили, как и требуется, все стойко. На мелочи не обращали внимания. Все подчиняли одному – высокой дисциплине во имя Победы – и только! Мы хорошо понимали, что нам нужно было быть такими солдатами, которые способны выстоять, одержать верх над коварным и сильным врагом».

В конце сентября 1943 года советские войска вышли к Днепру, начался штурм водной преграды. По остаткам взорванной фашистами временной переправы расчет Мамраева перебрался на другой берег. Три дня и три ночи пулеметчики Мамраева удерживали плацдарм. В этом бою Мамраев снова был ранен, но поле боя не покинул. Операция по форсированию Днепра была завершена успешно.

В январе 1944 года Указом Президиума Верховного Совета СССР солдату из Казахстана было присвоено звание Героя Советского Союза.

А потом был двухмесячный отпуск домой. Приехав в Караганду, Мартбек Мамраевич заболел. Сказались тяжелые ранения. Врачи прооперировали героя и дали заключение, что к воинской службе он не пригоден.

Работал парторгом на шахтах им.Кирова и N20, первым секретарем Ленинского райкома партии. Последние годы своей жизни, вплоть до кончины в 1989 году, он трудился в Химико-металлургическом институте.

Избирался депутатом Верховного Совета Казахской ССР. К боевым наградам прибавился орден «Знак почета», медали. В 1971 году имя Героя было занесено в «Книгу Почетных граждан г. Караганды».

Яркую, удивительную жизнь прожил этот замечательный человек. Даже уйдя на отдых, стремился быть в центре событий. Его часто можно было видеть на встречах с молодежью, воинами Карагандинского гарнизона.

– Я никогда, – говорил Мамраев, – не мог терпеть низкоклонства и подхалимажа, не признавал и покровительственно-барского тона. Мне и то, и другое претит. Надо быть предельно простым и справедливым. А вот что касается работы, то выкладываться на ней до последнего пота. Отдавать ей все, на что способен. И тогда и почет, и признание – все придет.

Мы по праву гордились и гордимся сегодня такими людьми, как Мартбек Мамраев, которого сегодня нет рядом с нами.

Литература:

Об увековечении памяти Героя Советского Союза Мартбека Мамраева: Постановление Кабинета министров Каз. ССР от 30 апреля 1991 года // Индустр. Караганда.-1991.-22 мая.

Алексеева А. Герои рядом с нами // Соц. Караганда.-1963.-23 февр.

Герои Каркаралы // Карагайлинский рабочий.-1994.-7 мая.

Гордиенко Л. Пути отцов. Дороги сыновей // Нура.-2004.-9 окт.

Зинчук Д. Восьмидесятая весна М.Мамраева // Индустр. Караганда.-1988.-27 марта.

Зинчук Д. Герои уходят в бессмертие: завтра исполняется сотая годовщина со дня рождения Мартбека Мамраева // Индустр. Караганда.-2008.-1 марта.-С.3

Кропачев В. За мужество и отвагу героя // Соц. Караганда.-1962.-23 февр.

Мамраев Мартбек // Герои Советского Союза-казахстанцы.-Алма-Ата, 1968.-С.23-24.

Мамраев Мартбек // Герои Советского Союза – карагандинцы.- Караганда, 1990. – С.41-42.

Мартбек Мамраев // Қаһарман қарағандылықтар. Герои-карагандинцы. / Қарағанды, 2000.-80-82 б.

Минин В.М. О тех, кого помним и любим // Индустр. Караганда.-2000.-1 янв.

Минин В.М. Этих дней не смолкнет слава!.. // Шахтерская неделя.-2007.-4 мая.-С.3

Михайлов С. Солдатская доблесть // Индустр. Караганда.-1978.-23 февр.

Оспанов Ш. Открытие памятника герою // Каркаралы.-1992.-4 июля.

Полятыка В. Нет, не забывается такое // Соц. Караганда.-1962.-9 мая.

Сейтвелиев Э. Немеркнущая слава героев // Индустр. Караганда.-1965.-8 мая.

Яковлев С. Школе – имя Героя: /Карагандин. Технич. школе ДОСААФ присвоено имя М.Мамраева/ // Индустр. Караганда.-1991.-5 нояб.

Суреттер сыр шерткенде



Ұлы Жомартбек, қызы Клара
немересі Арманмен

1988 ж.



Туған туыстар арасында



Ұлы Жомартбекпен





Ордендер мен медальдары



**Мерзімді баспа беттерінен
Толқынды Днепрдің
жағасында**

Кейінгі ұрпақ-жеткіншектерге қасиетті топырағымызға кіндік қаны тамған Кеңес Одағының Батырлары жайында әңгімелеп отыру - біз секілді үлкендерге парыз.

Сондықтан да: Кешегі отты соғыс шайқасында, Өмір менен өлімнің айқасында. Бір өзінен 23 Батыр шығып, келеді Қарағанды көш басында. Солардан кешегі өткен Мартбек аға, Үлкенге үлгі, кішіге болған пана. Қастерлеп Қарағанды мақтан етер, Өзінің Батыр ұлын шыққан дара,- деп Ораз Нұрғалиев жырлағандай, Қарқаралыдан шыққан үш батырымыздың бірі - Мартбек Мамыраев жайынан бір үзік әңгіме шертелік.

Мартбек Мамыраев 1908 жылы 7 наурызда Қарқаралы ауданындағы 1-Май ауылында шаруа отбасында дүниеге келген. Ауылдың күншығыс беткейінің оңтүстік-шығыс сілемін ала Мамырай қорасы, Мартбек шілігі дейтін көненің көзіндей жер атаулары бар, әлі де солай аталады. Қыстау, жайлаулары ұрымтал орналасқан. Алпысыншы жылдан (1965) «Қарағанды- Қарағайлы» бағытына қатысатын қазіргі темір жол сол аталған қыстау-жайлауларды ортасынан қаққа бөліп жатыр.

Ұмыта жаздасаң сен борышынды,

Арала атамекен қонысыңды.

Елсіз жұрт, ескі мола еске салар,

Халқыңа адалдықпен болысуды,-деген екен ақын Сағынғали Сейітов. Осынау бір ғана шумақта сары алтындай салмақты ой жатқаны ақиқат. Мартбек Мамыраев еңбек жолын 1924 жылы он алты жасында бастапты. Кейіннен Қарағандыда жұмыс істеген. 1931-1934 жылдар аралығында шахтада забойшы, 1934-38 жылдары электрослесарь-механик, 1938-40 жылдары Корней Осипович Горбачев атындағы №8,9 шахталарда электрослесарь және монтер, кейіннен шахта кәсіподақ комитетінің председателі болып қызмет етеді. 1940-42 жылдары «Кировкөмір» тресі №3 бис шахтасында партия жұмысын ұйымдастырушы қызметін атқарады. 1942 жылғы мамырда болашақ батырымыз майданға шақырылып, сол уақыттан бастап 1944 жылдың қыркүйегіне дейін үшінші гвардиялық дивизияның 12-полкінде қатардағы жауынгер болып Ұлы Отан соғысына қатысты. 1943 жылы 29 қыркүйекте Мартбек Днепр өзенінен өту кезінде пулемет оғымен ротаны қорғай отырып, алдыңғылардың бірі болып 700-800 метрлік ені бар толқынды Днепр өзенін кешіп өтеді. Осы шайқаста 12-атқыштар дивизиясы 32-атқыштар полкінің пулемет расчетының командирі, гвардия сержанты Мамыраев Мартбек асқан ерлік көрсетеді. Ерлігі мен жауынгерлік табандылығы үшін ол Совет Одағының Батыры атағына ие болып, Батырдың Алтын жұлдызын 1944 жылдың 15 қаңтарында өр кеудесіне тағады. Жерлесіміз, Батырымыз Мартбек ағаның көзі тірісінде туған ауылында түрлі кездесулерінде батырдың өз аузынан айтқандарын еш өзгерусіз ортаға салуды жөн көрдік:

-Мен бірінші Беларус майданының 61-ші армия, 2 корпус, 12-ші дивизиясының 32-ші гвардиялық атқыштар полкінде пулемет расчетының командирі болып қызмет еттім. Рота командирі Григорий Гаркунь деген азамат еді. Ол бізге 32-ші полктің, оның ішінде біздің ротаның өзеннен бірінші болып өтуге тапсырма алғанын хабарлады. «Алдымен өтемін» деушілердің ішінде мен де болдым. 1943 жылғы қыркүйек айының 29-на қараған түн. Салқын, қар аралас жаңбыр бүркіп тұр. Алдымызда түн тұнжырауындағы толқындар, айдынды Днепр. Біздің тұстағы өзеннің ені 700-800 метр. Біз қолдан жасалған салға отырдық. Қасымда көздеуші көмекшім - Владимир Гусаров және расчеттың басқа да жауынгерлері. Ескегіміз - сапер күрегі. Осы бір шақырымға толмайтын аралықты біз екі жарым-үш сағатта жүзіп өттік қой. Миномет оқтары ысылдап, жан-жағымызды тіміскілеп түсіп жатты, Бірақ ажалдан тайсалғанымыз жоқ. «Қырық жыл қырғын болса да, ажалың жетпей өлмейсің», - деп тегін айтылмаған ғой. Жағаға шығысымен байқағаным: пулеметтің замогы дымқылданған екен, тездетіп спиртпен сүртіп, құрғатып жіберіп, қолма-қол пулеметті құра салып, оқпанын жау жаққа қаратып қойып біз де аңыраттық, Екі-үш гранатты дұшпанның бекінісіне сілтедік, ара қашықтық таяу болатын, арттағыларға ракета атып, белгі бердік. Іле-шала полктің бас бөлімшелері де жетіп, біздің бастаған шабуылымызды қолдап, демеп әкетті. Көмекшім Владимир опат болды,

расчеттағы жауынгерлердің көбі оққа ұшты. Дұшпанды алдыңғы бекіністен тұтқиыл шабуылмен қуып шығып, екінші позицияға жеттік. Осы жерде пулеметімнің замогын оқ жұлып әкетті. Жан дәрмен бірінші позицияға оралып келіп, фашистердің өз қаруын (өлген немістің) өздеріне жұмсадым. Осы аласапыранда взвод командирі Волков оққа ұшты да, взводты басқару маған тапсырылды. Сол күні дұшпанның үш атакасына қарсы шығып, үшеуін де тойтарып, табанымыз тиіп тұрған жерді бекініске айналдырдық», - деп сол қиын күндер естелігін Батыр аға ортаға салды, Ұлы Отан соғысынан кейін Мартбек Мамыраев Қарағандыда партия, кеңес және шаруашылық қызметтерінде болды. 1985 жылы зайнеткерлік демалысқа шықты. Қарағанды қаласының Құрметті азаматы Мартбек Мамыраев 1989 жылғы 20 қарашада 82-ге қараған шағында қайтыс болды.

Аяулы аға Мартбек Мамыраевтың майдандағы және еңбектегі ұлағатты ісі Ленин орденімен қоса Совет Одағы Батырының алтын жұлдызымен, «Құрмет белгісі» ордені, бірінші дәрежелі Отан соғысы орденімен, көптеген медальдармен, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің бес грамотасымен аталып өтті. Қазақ ССР Жоғарғы Советінің үш бірдей шақырылуында депутат болып сайланды. Халық депутаттары Қарағанды облыстық және қалалық Советтеріне әлденеше рет депутат болды. Батыр ағаның даңқты жолы ұрпаққа өнеге.

Хамит ҚОЙБАҒАРОВ.

Ақжол аулы,

ҚАРҚАРАЛЫ ауданы.

Орталық Қазақстан.-2006.-7 қаңтар.-9 б.

(Кеңестер Одағының Батыры Мартбек Мамыраевқа арнаймын)

Кеңестер Одағының Батыры М.Мамыраевтың туғанына - 100 жыл. 2 наурызда жерлесіміз, Кеңестер Одағының Батыры Мартбек Мамыраевтың туғанына 100 жыл толады. Соғыстан кейін Батыр Қарағанды қаласындағы Ленин аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы, Қарағанды қалалық атқару комитеті төрағасының бірінші орынбасары және Қазақ КСР Ғылым академиясы Химия-металлургия институтында директордың өндірістік мәселелер жөніндегі орынбасары болып істегендігі мәлім.

3 наурыз күні Химия-металлургия институтында сағат 15.00-де М.Мамыраевты еске алуға арналған ғылыми кеңес өтеді. Осыған орай газетімізде белгілі ақын Еркеш Ибраһимнің Батырға арнаған «Ерлік жыры» атты балладасын жариялап отырмыз.

О достар,
Бұл ерлікке ғашықпын мен,
Ерлікке ел шаңырағын ашық
түрген.
Бұл сөзді пенде болып айту үшін
Кетуге өлең болып асықпын мен.

Мұнартқан жанарымда дала таңы,
Басқаны бүгін одан қаламады.
Аспанда ай болсам да сорғалар ем,
Сүюге бүгін Мартбек жан ағаны.

Мәрт аға,
Ғашықпын мен өзіңізге.
Көз жетпес сонау терең көзіңізге.
Ғашықпын ол толқындап
тұрғаныңда,
Желкен боп кететұғын көзіңізге.

Тірлігі - соңғы жасыл жапырағында,
Тұр оның Сталинград экранында.
Танытқан сонда сенің пулеметің
Әкесін алғаш Паулюс
шаңырағында.

Мәңгілік Отаныңның есінде әлі,
Өткенің қалай кешіп Деснаны.
Доғасын Курскінің талқан етіп,
Жүргенің Ерліктерді кешіп әлі.

Көзіңнің күлмейтұғын бір қиығы
Тәрізді Днепрдің тұңғиығы.
Днепр астаң-кестең көпір еді,
Сапырған оқ нөсері, түн құйыны.

Күз түні тас қараңғы ала бөтен,

Сал есіп сіз келесіз, тоба, көкем!..
Жартастай қалың жауға салмен
кіру,
Мұндайда, шіркін, ерлік болады
екен.

Ұшырмай төбесінен бір шыбынын,
Фашистер маздатады түн
«шылымын».

Сапердің күрегімен сал есесіз,
Екеуің - Владимир Гусаревің...

Екеуің..
Не болғаны екеуіңдер,
Құрыштан жаралған ба е кенсіңдер.
Екеуің..
Екеу ара бір пулемет
Ар жаққа қалай батып өтерсіңдер.

Ұрды жау,
Түсті мина салға жақын,
Мынау не, астан-кестең, қан ба
жақын?

Ал сендер есесіңдер салдарыңды,
Бола ма асықпауға, таң да жақын...

Мұз толқын кетті сонда салды
жауып,

Есер оқ шабаланды жолды қауып.
Қара түн қазақ, орыс егіз ұлын,
Қалайша кірпігімен қалды жауып?!

Қалайша өттің сонда судан кешіп,
Ажалдың азуында арман көшіп.

Атқанда мың оқпенен жалғыз сені,
Аждаһа жатқанында жардан көшіп.

Төнді ажал,
Төнді сонда құзғын болып,
Бейне бір қас-қағымың жүз күн
болып.

Сол екен жабысуың жар басына,
Сөйледі пулеметің жүз мың болып.

Өліммен тұрғанда өмір талас
болып,

Саусағың қалды білем ағаш болып.
Бір шақта... Бүкіл жаға күңіренді...
Днепр уралаған Тарас болып.

О, арман!
Арман, сірә, осы ма екен,
Өзеннің күңіренгені жасын екен.
Ашынып қан аралас ағып жатқан,
Тарастай ұлы ақынның
жасы ма екен?

Сіз сөйтіп,
Оқ пен оттың арасында
Шықтыңыз тіл жетпейтін дара
шыңға.

Ағажан,
Сол ерлігің - жүрегімде,
Көзімнің ағы менен қарасында,
Көзімнің ағы менен қарасында.

Еркеш ИБРАҒИМ.

Орталық Қазақстан.- 2008.- 1

Герои Каркаралы

Подвигом отважного летчика Нуркена Абдирова, памятник которому установлен на одной из самых красивых улиц Караганды, гордятся жители всего Казахстана. Нуркен Абдиров ушел из жизни Человеком с большой буквы, бросив гордый вызов врагам. Герой родился в 1919 году в небольшом ауле, отделенном от Каркаралинска грядой соснового леса. Воспитанник Карагандинского комсомола в 1940 году вступил в ряды Коммунистической партии, был призван в армию, стал летчиком. Находясь на фронте, Нуркен за 16 боевых вылетов уничтожил 12 танков, 28 автомашин с войсками и грузом. 18 повозок с боеприпасами, разбил 3 дзота противника, подавил огонь 3-х орудий. 19 декабря 1942 года сержант Н. Абдиров участвовал в налете на сильно укрепленный район станции Боковская-Пономаревка. Зенитный огонь мешал летчикам нанести прицельный удар. Один из снарядов попал в мотор машины Нуркена. Тогда пилот направил горящий ИЛ на колонну танков и цистерн с горючим. За проявленный героизм Нуркенеу Абдирову 31 марта 1943 года было присвоено звание Героя Советского Союза. В Карагандинской области хорошо известно имя бывшего заместителя директора химико-металлургического института Мартбека Мамраевича Мамраева, в прошлом партийного работника. Он тоже Герой Советского Союза и тоже родился в степях Каркаралы. В сентябре 1943 года Мамраев с группой солдат переправился на правый берег Днепра. Несколько дней войны удерживали плацдарм на днепровской земле, позволив тем самым нашим частям

осуществить переправу через реку. Весной 1944 года Мартбек Мамраевич награжден Золотой Звездой Героя. Его имя пресвоено одному из совхозов района. Необычно сложилась воинская судьба каркаралинского учителя Бапежана Иманкулова. Будучи раненым, он попал в плен, несколько раз бежал, его ловили, сажали в карцер. Наконец, Бапежан пробрался в леса Белоруссии, где влился в партизанский отряд. О Бапежане Имакулове, кавалере трех боевых орденов, тепло отзывается писатель В. Наумов в книге "Лесная война". Другой каркаралинец-Калиаскар Урикбаев громил фашистов на захваченной территории, в горах Крыма. Воинов-каркаралинцев судьба разбросала по всей стране. В Москве осел полковник запаса Владимир Петрович Бабин. Воинскую службу он закончил в должности главного хирурга ВВС, имеет 12 боевых орденов и медалей. Самое высокое воинское звание у каркаралинца Александра Павловича Чумакина. Он - генерал-майор, защитил диссертацию на звание кандидата военных наук, преподавал в Академии Генерального штаба Министерства обороны СССР. Скончался А. П. Чумакин в июле 1970 года. В городском парке 9 мая 1970 года состоялось открытие памятника "Мать-Родина" каркаралинцам, погибшим на фронтах Великой Отечественной войны. Собраны имена всех погибших воинов района. Они вошли в "Книгу памяти". Документы военных лет свидетельствуют о трудовом героизме каркаралинцев. С первых дней войны труженики района собирали подарки и продовольствие для воинов Красной Армии. Только на постройку танковой колонны "Карагандинский колхозник" они внесли 1 миллион 448 тысяч рублей и 1200 пудов хлеба. О благородном вкладе отцов и матерей, жен и детей сражающихся воинов "Социалистическая Караганда" писала 31 декабря 1942 года. Назывались имена бригадира колхоза "Тегешилдык" Ракиша Байсеркина и заведующего фермой колхоза имени Калинина Камердена Булатбекова - они направили в фонд обороны по 21 тысяче рублей каждый. Колхозница сельхозартели "Жекежал" Нурпеисова и председатель колхоза "Караагаш" Шахмерденов внесли на постройку танков по одной тысяче рублей и сдали по одной лошади. Только в одном колхозе имени Ворошилова было собрано 65 тысяч рублей.» За самоотверженный труд в тылу Каркаралинский район неоднократно в 1942-1943 годы награждался Красным Знаменем обкома партии и облисполкома. Ударная работа тех, кто и в тылу трудился по фронтовому - и за себя, и за ушедших на поля сражений, была высоко оценена страной. Указом Президиума Верховного Совета СССР от 23 июля 1947 года животноводу артели "Жоншилик" Дуйсену Байгулину-первому в Каркаралинском районе - было присвоено высокое звание Героя Социалистического Труда. Только за три года с 1947 по 1949 – двадцать четыре работника сельского хозяйства района удостоились такого же почетного звания. Это А.Айтжанов, Н. Оспанов, Ж. Бейсембаев, Т. Жунусов, М. Рыскулов и другие. Среди каркаралинских Героев Социалистического Труда мы находим и имена трех участников Великой Отечественной войны: Шакарима Калиева и Слана Искакова из совхоза имени Фрунзе, и Оспана Какетаева из совхоза "Восток".

Карагайлинский рабочий.-1994.-7 мая

ГЕРОИ

По-моему, по сей день неизвестно, сколько же Героев Советского Союза и полных кавалеров ордена солдатской Славы дала карагандинская земля. Сегодня же речь о тех, кто получил звание Героя в 1944 году - шестьдесят лет назад. В преддверии 60-летия Победы самое время вспомнить о них...

Я не слышал, как злая пуля свистнула,

Как я упал и стал землей седой.

Как обелиском стал и песней чистой.

Ты посмотри, какой я молодой...

Мартбек Мамыраев родился в Каркаралинском районе и впоследствии был в числе первостроителей шахтерской Караганды, начинал на ее шахтах навалоотбойщиком. На фронт секретарь парткома шахты N 3-бис ушел в мае 1942 года и попал в самое пекло - под Сталинград, где был ранен. Гвардии старший сержант, командир пулеметного расчета 12-й гвардейской стрелковой дивизии Мамраев отличился осенью 1943 года при

форсировании Днепра. Звание Героя Советского Союза ему было присвоено Указом Президиума Верховного Совета СССР от 15 января 1944 года. В послевоенные годы он работал первым секретарем Ленинского райкома партии г. Караганды, заместителем председателя Карагандинского горисполкома, заместителем директора Химико-металлургического института... Удостоен звания почетного гражданина г. Караганды. Электромеханик Карагандинской ЦЭС Юрий Павлов был призван в ряды Рабочее-Крестьянской Красной Армии в суровом 1941 году. Участвовал в Корсунь-Шевченковской наступательной операции, форсировал Буг, Днепр, Прут. Командир стрелковой роты гвардии старший сержант Павлов особо отличился в боях на территории Польши. Золотой Звезды удостоен Указом от 13 сентября 1944 года.

...До призыва в армию Иван Паньков жил в селе Батпак Осакаровского района, работал в местном колхозе. С 1944 года – на фронте. Геройский подвиг, как пишут в энциклопедиях, совершил при прорыве обороны врага на реке Свирь в районе города Лодейное Поле Ленинградской области летом 1944 года. Звание Героя Советского Союза получил в июле того же года. Будущий гвардии младший сержант, командир 76-мм орудия Семен Сидорков на фронт ушел добровольцем в 1942 году. Расчет Сидоркова отличился при форсировании Днепра, подбив танк, две бронемашины, автомашину с боеприпасами и уничтожив гитлеровцев. Звания Героя Советского Союза удостоен Указом Президиума Верховного Совета СССР от 15 января 1944 года. Но мало того, что Героем Сидорков стал на основании того же Указа, что и Мамраев, оказывается, они даже сражались в рядах одной и той же 12-й гвардейской стрелковой дивизии. После окончания войны Семен Сидорков работал председателем сельсовета и председателем колхоза в Тульской области. Трагически погиб в августе 1950 года. Боевая биография Федора Ульянина началась на озере Хасан, затем он сражался на советско-финляндском фронте. Бывший карагандинский шахтер дослужился до звания майора, командовал стрелковым батальоном. В ночь на 24 июня 1944 года переправил свое подразделение через реку Друть (приток Десны) и занял плацдарм - ключевую высоту, обеспечившую успех продвижения всей дивизии. Освободив деревню Малая Пляскина, батальон открыл путь наступавшим советским войскам на Бобруйск. При освобождении деревни майор Ульянин был смертельно ранен, звания Героя Советского Союза удостоен 23 августа 1944 года (посмертно). Федор Шилаев родился в Свердловской области. В Караганду приехал в 1948 году, здесь же впоследствии после смерти и был захоронен. В годы Великой Отечественной войны Шилаев - старшина, командир отделения саперов, отличившегося при форсировании Западной Двины западнее Витебска в конце мая 1944-го. Спустя месяц старшина Шилаев стал Героем Советского Союза.

Виктор МИНИН

Фото автора

Индустриальная Караганда.-2004.-21 сент.-С.9
Архив материалдары

Присвоено звание
Героя Советского Союза
с вручением Ордена Ленина
и медали "Золотая Звезда"
Указ Президиума Верховного
Совета СССР от 15.01-44 г

К о п и я

НАГРАДНОЙ ЛИСТ

1. Фамилия, имя и отчество - М А М Р А Е В Мартбек
 2. Звание - гвардии сержант 3. Должность, часть - командир пулеметного расчета 32 Гвардейского стрелкового полка 12 Гвардейской стрелковой дивизии.
- Представляется к званию "ГЕРОЯ СОВЕТСКОГО СОЮЗА"
4. Год рождения - 1908 г. 5. Национальность - татарин,
 6. Партийность - член ВКП(б) с 1939 года.
 7. Участие в гражданской войне, последующих боевых действиях по защите СССР и Отечественной войне (где, когда) - участник Отечественной войны с 15.11-1942 года.
 8. Имеет ли ранения и контузии в Отечественной войне - имеет два ранения.
 9. С какого времени в Красной Армии - с 1942 г.
 10. Каким РВК призван - Кировским РВК Карагандинской области.
 11. Чем раньше награжден (за какие отличия) - медаль "За трудовое отличие".
 12. Постоянный домашний адрес представляемого к награждению и адрес его семьи - город Караганда, шахта 3 бис, ул. Чапаева, №10. Жена - Мамраева Мануда.

1. Краткое конкретное изложение личного боевого подвига или заслуг

Тов. М а м р а е в в боях с немецкими захватчиками при форсировании реки Днепр проявил исключительное мужество и героизм.

В ночь с 28 на 29.9-43 года он своим ураганным огнем не давал поднять головы противнику, обеспечивая переправу на правый берег роты автоматчиков и взвода пешей разведки, которые должны были захватить плацдарм для переправы остальных подразделений полка.

После того, как плацдарм был обеспечен, тов. М а м р а е в первым со своим пулеметом ринулся через штурмовые мостики на правый берег, где, заняв выгодную позицию, отбил своим пулеметом три ожесточенных контратаки врага, дав возможность всем нашим подразделениям форсировать Днепр. После того, как батальон переправился на правый берег, тов. Мамраев со своим пулеметом находился на левом фланге батальона, откуда противник особенно яростно контратаковал наши подразделения, но все атаки врага были отбиты. Противник понес

КАРАГАНДИНСКИЙ ОБЛАСТНОЙ МУЗЕЙ

Справочная карточка



1. Фамилия Маирав
2. Имя, отчество Мартык
3. Год рожден. 1908 4. Национальность татарин
5. Место рождения Караганд. обл., Каркарал. р-н
6. Социальное происхождение сын крестьянина
7. Основная профессия /занятие/ и место работы до призыва в Советскую Армию механиком шахты, каторгом шахты Э-бис.
8. Образование /какое учебное заведение и где окончил/ курсы электромонтеров.
9. Партийность /партстаж/ член КПСС с 1939г.
10. Служба в Советской Армии, партизанских отрядах /с какого времени, воинское звание, род войск/ с 1942г., гвардии сержант
11. Какие имеет награды /кем награжден и дата/ медаль "За трудовое отличие". Присвоено звание Героя Советского Союза (указом Презид. Верх. Совета СССР от 15.1-44г.) с вручением Ордена Ленина и медали "Золотая Звезда".
12. Сведения о деятельности в настоящее время _____
13. Домашний и служебный адрес: Караганда, ул. Фоминская 8 кв. 1
14. Указ о присвоении звания Президиума Верховного Совета СССР от 15.1-44г.
15. Источники сведений и библиография: Наградной лист архива Министрства Оборон (капитан) 2) Статьи в газете от 3.1-65г. "Индустрия Караганда" 3) Статьи газет 1943/44г. "Отважный сын родины"
16. Материалы, имеющиеся в музее /наименование, инв. №№, №№ негативов/ 1) Портрет 2) Копия наградного листа 3) фото - 3шт.
№30-469 №2264 КФФ 2104-2106

Дата 20.1-67Составил: Легу (Майор)

большие потери в живой силе.

Лично тов. М а м р а е в из своего пулемета уничтожил свыше 50 солдат и офицеров противника и вывел из строя 2 огневых точки врага. При отражении ожесточенной контратаки 1.10-43 г. тов. Мамраев был ранен, но с поля боя не ушел до отражения вражеской контратаки.

За проявленное мужество и героизм при форсировании Днепра тов. Мамраев достоин присвоения звания "Г е р о й С о в е т с в о - г о С о ю з а".

4 октября 1943 г. Командир (начальник) 32 Гв.СП
Гвардии подполковник Базаров

2. Заключение вышестоящих начальников

Заслуживает присвоения звания "ГЕРОЙ СОВЕТСКОГО СОЮЗА"

4.10.43 г. Командир 12 Гв.СД
Гвардии полковник Мальков

Достоин присвоения звания "Герой Советского Союза"

6 октября 1943 г. Командир (начальник) корпуса
Гвардии генерал-майор Борейко

3. Заключение Военного Совета Армии

За форсирование реки Днепр достоин присвоения звания

"Г Е Р О Й С О В Е Т С К О Г О С О Ю З А"

Командующий войсками 61 Армии Член Военного Совета 61 Армии
Гвардии генерал-лейтенант генерал-майор Дубровский
Белов

6 октября 1943 года

4. Заключение Военного Совета фронта (округа)

Достоин присвоения звания "Г е р о й С о в е т с к о г о
С о ю з а"

Командующий войсками Член Военного Совета
генерал-армии Рокоссовский генерал-лейтенант
Телегин

12 октября 1943 г.

5. Заключение наградной комиссии НКО

Члены Председатель
1.
2.
3.
" " _____ 19.... г.

Основание: опись 686043, д.2, л.213

Копия верна: Начальник Архивохранилища майор Серебряков

20 декабря 1961 года.